

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 1997 жылғы 17 маусымдағы N 128.

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694 Конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 147-құжат; 1995 жылғы 15 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлықтарына азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді реттеу мәселелері жөнінде толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

69-баптың 6-тармағында "айлық ақшалай үлес мөлшерінде

асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен алмастырылсын;

72-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"72-бап. Судьяларды зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру Судьяларды зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады."

2-бап. Осы Конституциялық заң 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті